



МРНТИ 10.87.00

Ж.Т. Искакова*
Ж. Зукай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: ziskakova@list.ru

Интеграциялық бірлестіктердің мәртебесін талдаудағы теориялық тәсілдер

Аннотация. Интеграциялық бірлестіктердің құқықтық мәртебесін айқындайтын сұрақтар бойынша бірнеше тәсілдер бар. Интеграциялық бірлестіктер жұмысының жалпы заңдылықтарын белгілеу мемлекеттердің интеграция дәрежесі, құрылу мақсаттары, қызмет бағыттары және т.б. бірқатар факторларға байланысты күрделі. Бірақ бұл тұжырымдамалар интеграциялық бірлестіктерді ерекше белгілері бар халықаралық ұйымдардың түрі ретінде анықтайтын ұстанымға жақын екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, интеграциялық бірлестіктердің құқықтық мәртебесіне қатысты халықаралық құқықтық актілерде де нақты ережелер жоқ екеніне назар аударған жөн. Алайда, интеграциялық бірлестіктер бірқатар халықаралық құқықтық актілерде тек халықаралық ұйымдардың бір түрі ретінде түсіндірілген.

Мақалада интеграциялық бірлестіктердің мәртебесін талдаудағы теориялық тәсілдеріне талдау жасалды.

Түйін сөздер: халықаралық құқық, егемендік, интеграция, ұлттықтан жоғарылық, интеграциялық бірлестіктер, интеграциялық құқық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2021-135-2-26-35>

Кіріспе

Интеграциялық құқықтың мәнін, құқықтық табиғатын және мақсатын ғылыми ұғыну үшін алдымен «интеграциялық бірлестік» терминін айқындау қажет. Өйткені құқықтың өзінде де, құқықтық доктрина деңгейінде де бұл терминологияның қалыптасқан бірыңғай атауы жоқ. Құқықтық, саяси және экономикалық әдебиеттерде іс жүзінде «интеграциялық бірлестік», «интеграциялық

одақ», «экономикалық топ», «интеграциялық қауымдастық», «сауда блогы», «ортақ нарық», «халықаралық интеграциялық ұйым», «кеден одағы» және т.б. синонимдер ретінде немесе, ең болмағанда, мәні бірдей терминдер ретінде қолданылады.

Мұндай терминологиялық айырмашылық заңдық тұрғыдан алғанда дұрыс емес, өйткені бұл сөз бір құбылыс туралы ма, әлде әртүрлі құбылыстар туралы ма екенін айқындауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай экономика-

лық өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін мемлекеттер бірлесе бастаған алғашқы кезеңде-ақ қалыптасқан секілді, өйткені мемлекеттердің бұл бірлестіктерін алғашында ешкім маңызды, болашағы бар тенденция ретінде қарастырған жоқ. Әртүрлі интеграциялық бірлестіктерді бір тектес құбылыс ретінде де қарастырмады.

Алғашында интеграциялық бірлестіктер көбінесе халықаралық ұйымның ерекше түрі ретінде түсіндірілді. Шынында да, алғашқы интеграциялық бірлестіктер бастапқыда халықаралық ұйымдардың қалыптасуына тән бірдей схемаға сәйкес құрылды, айырмашылық мемлекеттердің мұндай ұйымға қандай өкілеттік бергендігінен ғана көрінді.

Осылайша, халықаралық құқықтық әдебиеттерде интеграциялық бірлестіктер өздерінің құқықтық мәртебесі бойынша біртекті емес және тар немесе кең өкілеттіктерге ие, белгілі бір мақсаттарға жету үшін мемлекеттер құратын мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымдар ретінде анықталды.

Мәселен, А.Я. Капустин, В.Н. Федоров барлық халықаралық үкіметаралық ұйымдарды бекітілген құзіреттілік сипаты бойынша халықаралық ынтымақтастық ұйымдары мен халықаралық интеграциялық ұйымдар деп бөлінетіндігін атап өтті [1, 415-б.].

Олардың пікірінше, «біріншісі мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге және олардың қызметін халықаралық қатынастардың келісілген салаларында үйлестіруге арналған..., екіншісі мүше мемлекеттер егемендік құқықтарының бір бөлігін берген салаларды интеграциялауға тырысады» [1, 146-б.].

Мақала мақсаты. Халықаралық-құқықтық доктринада ғана емес, сонымен бірге, халықаралық-құқықтық актілерде нақты қалыптасқан анықтамасы жоқ «интеграциялық бірлестік» ұғымы мен құқықтық мәртебесін айқындауға қатысты әр түрлі ғылыми-теориялық тәсілдерді талдау арқылы бұл мәселе туралы өзіндік ғылыми пікір қалыптастырып, қорытындыға келу мақаланың мақсаты болады.

Зерттеу тәсілдері

Мақала тұтастық, объективтілік, жалпыға бірдейлік, нақтылық секілді ғылыми принциптерге сүйенеді. Зерттеу барысында салыстыру, талдау және сыни тәсілдер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Ресейлік зерттеуші И.Н. Герчикова халықаралық ұйымдар мемлекетаралық және мемлекеттен жоғары (ұлттықтан жоғары) халықаралық ұйымдарға бөлінеді деп санайды. Бірінші топқа И.Н. Герчикова «мақсаты мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болатын және шешімдері мүше-мемлекеттерге жіберілетін барлық халықаралық ұйымдарды», екінші топқа ұлттықтан жоғары ұйымдарды жатқызады. Олардың қызметінің негізгі мақсаты – интеграцияны жүзеге асыру, шешімдерін тікелей мүше мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларына тарату [2, 27-б.].

Әрине, халықаралық ұйымдар мемлекеттердің бірлестіктері ретінде ерекше құқық-субъектілікке ие, өзіндік функциялары мен құзіреттері, халықаралық құқықтың басқа субъектілерімен қарым-қатынасқа түсу тәртібі бар, бірақ олармен қатар, халықаралық ұйымдардың ерекше түрі ретінде қалыптасқан интеграциялық бірлестіктер дербес субъектіге айналып келе жатқанын мойындауымыз керек. Дегенмен, олардың қызметі мен мәртебесін зерттеушілер әр қалай айқындайды.

Мәселен, проф. Н.А. Ушаков өзінің зерттеуінде интеграциялық бірлестіктерге тән, ерекше белгілерді атап көрсетеді. Оның пікірінше, бұл – халықаралық қатынаста тек өз атынан ғана емес, сондай-ақ, оларға кіретін мемлекеттердің атынан әрекет ететін «мемлекеттер конфедерациясы» немесе «ұлттықтан жоғары ұйым» деп аталатын мемлекеттер бірлестіктерінің ерекше түрі [3, 45-б.]. Көріп отырғанымыздай, Н.А. Ушаков «мемлекеттер конфедерациясы» және «ұлттықтан жоғары ұйым» ұғымдарына бірдей мағына береді.

Ұсынылған осы позиция бойынша «мемлекеттер конфедерациясы – бұл мемлекет-

тердің өздерінің егемендігін сақтай тұра, кейбір өкілеттіктерін беру арқылы олардың атынан халықаралық қатынастарда әрекет етуге құқылы, яғни арнайы халықаралық құқықсубъектілік ие ерекше бірлестік (одақ). Егеменді мемлекеттердің осындай бірлестігі олардың арасында халықаралық шарт жасасу арқылы құрылады және ол халықаралық қарым-қатынаста олардың атынан әрекет етуге құқылы мүше мемлекеттердің бірлескен органын құруды көздейді (кейде мүше мемлекеттердің біріне осындай өкілеттіктер беріледі)» [3, 45-б.].

Бұл ретте осы бірлестіктегі мүше мемлекеттердің қатынастары олардың өздері қалыптастырған ішкі құқықпен реттеледі [3, 45-б.].

Яғни, Н.А. Ушаковтың айтуынша, «одақ халықаралық шартқа сай құрылған және мемлекеттер егемендікті сақтайды, одаққа халықаралық шарттарда белгіленген шектерде бірқатар өкілеттіктер береді» [3, 45-б.].

Интеграциялық бірлестіктерді мемлекеттердің конфедерациясына теңестірумен келісу қиын, мемлекет және құқық теориясында интеграция нысаны ретінде конфедерация аталғанымен, тәжірибеде мүлдем кездеспейді. Бірақ Н.А. Ушаковтың мемлекеттер интеграциялық бірлестіктер құра отырып, оларға арнайы халықаралық құқықсубъектілік береді дегенімен келісуге болады.

Бұл туралы В.П. Кириленко мен Г.В. Алексеев былай деп жазады: «XX ғасырдың екінші жартысында жаңа типтегі халықаралық ұйымдар пайда болды және біз арнайы құзыреттілігі бар интеграциялық құрылымдар туралы сөйлесуіміз керек» [4, 191-б.].

Ал проф. М.А. Сарсембаевтың пікірі бойынша, «интеграциялық бірлестік мәртебесін айқындау кезінде олар мен халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдардың арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар-жоғын анықтау қажет. Бұл халықаралық экономикалық институттардың ұқсастығы, олардың екеуі де халықаралық экономикалық мәселелерді ұтымды шешуге мүдделі, өйткені ол қатысушы мемлекеттер мен халықтардың әл-ауқатын жақсартуға әкеледі. Ал олардың арасындағы айырмашылық, интеграциялық

ұйымдар шеңберінде экономикалық қатынастар эпизодтық қатынастардан жүйелік қатынастарға айналады, сауда-кедендік қатынастар жолында барлық баждар мен өзге де кедергілер жойылады, шешімдердің, қарарлар мен өкімдердің, бірлестік органдарының сауда-экономикалық және қаржы-валюталық нормаларын орындаудағы еріктілік осы нормаларды міндетті түрде сақтау принципіне жол береді» [5, 225-б.]. М.А. Сарсембаев «сөйте тұра, жоғарыда келтірілген айырмашылықтар экономикалық интеграциялық бірлестіктерді халықаралық экономикалық ұйымдар қатарынан шығармайды, олар бұл ұйымдардың құрамында өздерінің жеке класын құрайды» деп санайды. Ол өз көзқарасына дәлел ретінде 2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 1-бабы 2-тармағын келтіреді, онда «Одақ халықаралық құқықсубъектілігі бар аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы» делінген [5, 226-б.].

Еуропа ғылымы интеграциялық бірлестіктердің халықаралық құқықсубъектілігін зерттеу кезінде осы бірлестіктің ішкі құқығына ерекше мән береді. Атап айтқанда, Ч.Ф. Аме-расингхе өз зерттеуінде келесі сипаттамаларды атап өтеді:

- құрылтай құжаттарының мәтіндері және кез-келген ұйымның құқықтық практикасы белгілі бір ұйым үшін құқықтық нормаларды құрайды және бұл құқық басқа ұйымдар үшін міндетті болмайды (мысалы, ұйымдық құрылым бөлігінде);

- егер ұйымдардың құрылтай құжаттары біртектес болса, оларды бір ұйымда тәжірибе арқылы түсіндіру немесе дамыту прецеденттерді құра алады немесе басқа ұйым үшін дамудың негізгі бағыттарын көрсете алады;

- халықаралық ұйымдар қызметінің кейбір салаларында әдеттегі халықаралық құқық қолданылады, өйткені оның міндеттілігі әмбебап (мысалы, ұйымның немесе басқа субъектілердің ұйым алдындағы жауапкершілігі немесе құжаттарды түсіндіру принциптері туралы);

- барлық ұлттық құқықтық жүйелерде қолданылатын құқықтың жалпы принциптері де қолданылады (мысалы, *ultra vires* принципі);

- ұйымдардың құрылтай актілерін жүзеге асыру және түсіндіру кезінде осы процестің негізін құрайтын жалпы ережелер (мысалы, халықаралық құқықсубъектілік, үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілік ұғымдары) ретінде кейбір презумпциялар мен болжанған принциптер (кейде тиісті сот шешімдерінен туындайтын) қолданылады;

- барлық немесе көптеген ұйымдар қызметінің кейбір салаларында жалпы конвенциялық құқық қолданылады (мысалы, ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты) [6, 19-б.].

Бұдан басқа, интеграциялық бірлестіктердің өзіндік ерекшеліктерін айқындай отырып, шетелдік зерттеушілер Еуропалық Қоғамдастықтар сотының шешімдерін мысал ретінде келтіреді, олардың біреуінде: «кәдімгі халықаралық шарттардан айырмашылығы, ЕЭК шарты күшіне енгеннен кейін мүше мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің құрамдас бөлігіне айналған және ережелерін олардың соттары қолдануға міндетті болатын өзінің дербес жүйесін құрды» делінген [7, 6-б.].

Айта кету керек, шетелдік доктрина ЕО құқығы мүше мемлекеттердің ұлттық құқығы мен халықаралық құқықтан оқшауланған жүйе ретінде әрекет ететіндігін айтады.

Г. Верховстадт өзінің «Еуропа Құрама Штаттары» атты еңбегінде: «ешқашан осынша мемлекет бір жолда бейбітшілік пен өркендеу үшін өз егемендігінің бір бөлігін өз еркімен берген емес» деп тікелей көрсеткен [8, 95-б.].

Тиісінше, шетелдік зерттеушілердің пікірінше, бұл құрылымдарға мемлекеттер халықаралық құқыққабилеттіктен басқа өте кең өкілеттіктер береді.

Сонымен бірге, мамандардың басым көпшілігі «интеграциялық бірлестіктердің негізгі ерекшелігі халықаралық құқыққабилеттілікке ие болумен қатар, мемлекеттер бұл құрылымдарға өте кең өкілеттіктер береді» деп санайды. Бұл батыс еуропалық құқықтық доктринада, содан кейін посткеңестік мемлекеттер доктринасында мамандарға халықаралық ұйымдардың қызметіндегі «ұлттықтан жоғарылық», «мемлекеттіліктен жоғарылық»,

ал кейіннен тіпті «ұлттықтан жоғары құқық» туралы сөз қозғауға мүмкіндік берді.

Т.Н. Нешатаева өзінің «Интеграция және ұлттықтан жоғарылық» деген еңбегінде мемлекеттіліктен жоғарылық идеясын насихаттайды. Ол «Ұлттар Лигасынан бастап бүгінгі күнге дейін үкіметтер өз өкілеттіктерін халықаралық (трансұлттық) қатынастардың әртүрлі салаларында мамандандырылған халықаралық ұйымдарға жүйелі түрде беріп келеді» деп жазады [9, 244-б.]. Алайда, оның пікірінше, интеграциялық бірлестіктердің пайда болуы халықаралық ұйымдардың жаңа түрінің – мемлекеттер өздерінің егемендік функцияларын беретін ұлттықтан жоғары типтегі ұйымдардың пайда болуын білдіреді. Мұндай ұйымдарда құрылған ұлттықтан жоғары институттар ішкі құқық институттарына жүгінбестен мүше мемлекеттерде өз еріктерін жүргізуге мүмкіндік алды, сондықтан ұлттықтан жоғарылық – бұл егеменді құзыреттілікті ерікті түрде шектеу, ұлттықтан жоғары билік жүйесіне бағыну [9, 244-б.].

Ал О. М. Мещерякова өз пайымдауларында мемлекеттердің тәуелсіздігі келісім-шарттарда алған міндеттемелеріне сәйкес шектелуі мүмкін, өйткені халықаралық міндеттемелер мемлекеттердің егемендігін шектейді деп мәлімдейді [10, 78-б.].

А.А. Каширкина мен А.Н. Морозов «мемлекеттер халықаралық құқықтың негізгі субъектілері және оның нормаларының бастапқы шығарушылары болып қала отырып, халықаралық шарттар арқылы мемлекетаралық интеграциялық бірлестіктер деңгейіне егеменді өкілеттіктердің бір бөлігін береді» деп жазады [11, 63-б.].

Бұл жағдайда кейбір ресейлік және шетелдік авторлар ұлттықтан жоғарылығы туралы мәселені интеграциялық бірлестіктерге ғана емес, сонымен бірге, кейбір әмбебап халықаралық ұйымдарға (ХВҚ, ХҚДБ, ХЕҰ және т.б.) қатысты қарастырғанын атап өткен жөн. Басқа интеграциялық бірлестіктер пайда болғаннан кейін ұлттықтан жоғарылығы туралы пікірталас жаңа күшпен өрбіді.

Егемендік біртұтас және бөлінбейді және оны бөліктерге бөлу туралы айту мүмкін емес

екенін айтқан жөн. Егемендіктің өзін-өзі шектеуі туралы сөз де ойға қонымсыз. Егемендік – бұл мемлекеттің ажырамас қасиеті, онсыз халықаралық құқықтың тәуелсіз субъектілері ретінде мемлекеттер туралы айту мүмкін емес. Мемлекет белгілі бір жолмен әрекет ету міндеттемесін ғана өзіне ала алады. Бұл мемлекет қандай да бір халықаралық шарттар жасасқан немесе қандай да бір халықаралық ұйымға кірген кезде болады. Алайда, бұл кезде мемлекет егемендігін жоғалтпайды, тек халықаралық шарттың ережелеріне немесе халықаралық ұйымның жарғысына сәйкес әрекет етуге міндеттенеді. Кез келген уақытта мемлекет халықаралық шарттың күшін жойып, халықаралық ұйым құрамынан шыға алады. Тіпті ЕО сияқты дамыған интеграциялық бірлестіктен шығу (Brexit) оның теориялық тұрғыдан ғана емес, іс жүзінде де мүмкін екенін көрсетті. Және интеграциялық бірлестіктер органдарының қатысушы мемлекеттер мен олардың аумағындағы барлық тұлғаларға міндетті нормалар шығара алуы да сол мемлекеттердің келісімімен жүзеге асырылатындығын, яғни мемлекет кез-келген уақытта бас тарта алатын халықаралық шарттардың негізінде болатындығын да айта кеткен жөн.

Сонымен, В.М. Шумилов өз зерттеулерінде интеграциялық бірлестіктердің өзіндік ерекшеліктерін атап өтті. Оның пікірінше, интеграциялық бірлестіктерге мынадай арнайы белгілері тән:

1. интеграциялық бірлестіктерге кәдімгі халықаралық экономикалық ұйымдарға қарағанда үлкен көлемдегі құзырет беріледі;

2. егер тараптар өзгеше келіспесе, интеграциялық бірлестіктер шеңберінде неғұрлым қолайлы принцип аясына жатпайтын, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдардың, жұмыс күшінің қозғалысы үшін арнайы режим құрылады;

3. интеграциялық бірлестіктерде қатысушы мемлекеттердің ұлттық мүдделерін білдіру және қамтамасыз ету жөніндегі органдардың ғана емес, сондай-ақ, жалпы аймақтық мүдделерді қалыптастыру және қамтамасыз ету жөніндегі органдардың, оның ішінде, ұлт-

тықтан жоғары өкілеттіктері бар органдардың болуын көздейтін өзіндік ішкі құрылымы бар;

4. интеграция аясында өзара үйлесімділік, мемлекеттік мүдделердің бірігуі ғана емес, олардың үйлестірілуі, толықтырылуы жүреді;

5. интеграциялық бірлестіктер аясында ішкі және халықаралық құқыққа қатысты белгілі бір дербестікке ие «интеграция құқығы» элементтері пайда болады [12, 55-бет].

Ресейлік зерттеуші Л.И. Волова интеграциялық бірлестіктерді дәрежеде халықаралық қатынастарға қатысушылардың тәуелсіз тобына жатқызып, оларға тән бірқатар ерекше белгілерді бөліп көрсетеді:

- аймақтық интеграциялық бірлестіктердің қызметі халықаралық шарттардан басқа арнайы актілермен, яғни ұсыныстар, стандарттар, шешімдер, директивалармен реттеледі;

- аймақтық интеграциялық бірлестіктерге қатысушы елдердің экономикалық саясатын біріздендіру тән;

- интеграциялық бірлестіктерде біртұтас аймақтық шаруашылық кешендері құрылуда;

- аймақтық интеграциялық бірлестіктердің институционалдық құрылымы қатысушы мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастықтан экономикалық интеграцияға көшуін қамтамасыз етеді;

- сот органдарына ерекше рөл беріледі, олар сонымен бірге, арнайы мүдделерді көрсететін органдар қабылдаған актілерге сот бақылауы функцияларын орындауға тиіс;

- интеграциялық бірлестіктерге ұлттықтан жоғарылық тән [13, 41-42 б.].

Дүниежүзілік халықаралық құқық қауымдастығы Комитетінің 2000 жылғы баяндамасында аймақтық интеграциялық бірлестіктерді сипаттайтын айрықша белгілер атап көрсетілген:

- бекітілген ұйымдық құрылым;

- берік құқықтық негіз;

- интеграцияның бір кезеңінен екіншісіне өту [14, 3-4 беттер].

Көріп отырғанымыздай, интеграциялық бірлестіктердің құқықтық табиғаты туралы сұрақтар бойынша жазылған еңбектердегі пікірлер бір-біріне қарама-қайшы келгенімен,

бұл тұжырымдамалардың барлығы интеграциялық бірлестіктерді халықаралық ұйымдардың ерекше белгілері бар түрі ретінде анықтайтын ұстаным ұстанады [15, 124 б.].

Осылайша, интеграциялық бірлестіктердің құқықтық мәртебесін айқындайтын бірқатар сұрақтар бойынша әртүрлі пікірлер бар. Интеграциялық бірлестіктер жұмысының жалпы заңдылықтарын белгілеудің күрделілігі бірқатар факторларға, мәселен, мемлекеттер интеграциясының деңгейі, құрылу мақсаттары, қызмет бағыттары және т.б. байланысты деп ойлаймыз.

Бірақ аталған тұжырымдамалар интеграциялық бірлестіктерді құқықтық мәртебесін көрсететін арнайы белгілері бар халықаралық ұйымдардың ерекше түрі ретінде анықтайтын ұстанымға жақын екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, халықаралық құқықтық актілерде де интеграциялық бірлестіктердің құқықтық мәртебесіне қатысты нақты нұсқаулар жоқ екеніне назар аударған жөн. Алайда, бастапқыда интеграциялық бірлестіктер халықаралық ұйымдар ретінде қарастырылғандықтан, бірқатар халықаралық құқықтық актілерде олар тек халықаралық ұйымдардың бір түрі ретінде түсіндіріледі. Және ХХ ғасырдың екінші жартысында халықаралық шарттық тәжірибеде мұндай құрылымдардың ерекше мәртебесі арнайы термин – экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымы (Regional Economic Integration Organisation) термині арқылы заңдастырылды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында халықаралық шарттық тәжірибеде экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдарын халықаралық ұйымдардан бөлудің алғашқы әрекеттері жасала бастады. Осылайша, интеграциялық бірлестіктер туралы ережелер енгізілген алғашқы шарттардың бірі 1985 жылғы Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы болды. Осы Конвенцияның 1-бабында терминдерді анықтау кезінде экономикалық интеграция бойынша аймақтық ұйымдар болуы мүмкін екендігі көрсетілген. Аталған құрылым «осы Конвенция және оның қосымша хаттамаларымен реттелетін мәселелерде

құзыретті, осы аймақтың егеменді мемлекеттері құрған және ішкі рәсімдеріне сәйкес осы тиісті құжаттарға қол қоюға, ратификациялауға, қабылдауға, мақұлдауға немесе оларға қосылуға тиісті түрде уәкілеттік берілген ұйым» ретінде айқындалады [16].

Бұдан кейінгі БҰҰ аясында қабылданған халықаралық әмбебап халықаралық шарттардан экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары туралы ережелерді табуға болады.

Сонымен, 1992 жылғы Биологиялық әртүрлілік туралы БҰҰ конвенциясының 2-бабында «осы аймақтың егеменді мемлекеттері құрған, оған мүше мемлекеттер осы Конвенциямен реттелетін мәселелер бойынша өз өкілеттіктерін берген және ішкі рәсімдеріне сәйкес оған қол қоюға, ратификациялауға, қабылдауға, мақұлдауға тиісті түрде уәкілеттік берілген ұйым» ретінде «экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымына» ресми анықтама берілген [17].

2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ конвенциясының 2-бабында осыған ұқсас анықтама беріледі: «қандай да бір аймақтың егемен мемлекеттері құрған, оған мүше мемлекеттер осы Конвенция реттейтін мәселелер бойынша өкілеттіктер берген және ішкі рәсімдеріне сәйкес осы Конвенцияға қол қоюға, ратификациялауға, қабылдауға, бекітуге немесе оған қосылуға тиісті түрде уәкілеттік берілген экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымы». Сонымен қатар, Конвенцияның 36-бабы 2-тармағында «мұндай ұйымға мүше мемлекеттердің кем дегенде біреуі осы Конвенцияға қол қойған жағдайда экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдарының қол қоюы үшін ашық» деп көрсетілген [18].

Экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары туралы осы тектес нормалар басқа әмбебап халықаралық шарттарда да кездеседі. Мысалы, 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясында, 2007 жылы Гаага халықаралық жеке құқық конференциясының аясында қол қойылған Балалар мен басқа да отбасы мүшелеріне арналған алименттерді халықаралық өндіріп алу туралы конвенция-

да экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдарына жоғарыдағыдай анықтамалар берілген.

Сонымен, халықаралық құқықтық актілерді талдау халықаралық құқық субъектілеріне ресми түрде теңестірілген экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдарының бар екендігі туралы тезисті растайды, бірақ интеграциялық бірлестіктердің жұмыс істеуі туралы тікелей нормалар жоқ екендігін көрсетеді. Соған қарамастан, бұл жағдайда халықаралық ұйымның бір түрі туралы емес, халықаралық құқықтың жаңа тәуелсіз субъектісі – интеграциялық бірлестік туралы сөз ету дұрыс деп ойлаймыз.

Интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың көптеген ұқсастықтары болса да, маңызды сипаттағы түбегейлі айырмашылықтары бар:

біріншіден, кәдімгі халықаралық ұйымға мүше мемлекеттер оған қандай да бір өкілеттіктерді бере отырып, осы мәселелер бойынша өз атынан сөйлеу қабілетін жоғалтпайды, ал осындай өкілеттіктерді интеграциялық бірлестікке беру, әдетте, бұл мәселедегі құзыретті бірлестікке өткізеді, ал мүше мемлекеттер бұл мәселе бойынша бұдан былай өз бетінше (яғни өз атынан) сөз сөйлей алмайды;

екіншіден, интеграциялық бірлестіктер аясында осы интеграциялық бірлестіктердің дербес (салыстырмалы түрде оқшауланған) құқық жүйелері – интеграциялық құрылымдар құқығы немесе интеграциялық құқық айқын қалыптасады;

үшіншіден, интеграциялық бірлестіктің мүше мемлекеттері ғана емес, интеграциялық бірлестіктің өзі және оның органдары, сондай-ақ, мүше мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары да интеграциялық құқықтың субъектілері болады;

төртіншіден, интеграциялық бірлестіктер аясында халықаралық құқықта жоқ құқықтың ерекше қайнар көздері пайда болды (және болашақта да болатын сияқты);

Экономикалық сипаттағы интеграциялық бірлестіктерге қатысты қазіргі уақытта «экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымы» термині бекітіліп, олардың халықаралық

шарттарға қатысу мүмкіндігі және халықаралық ұйымдарға мүшелігі туралы мәселелерді шешуге талпыныс жасалып жатқанына қарамастан, интеграцияның дамуы келешекте интеграциялық бірлестіктердің мәртебесін арнайы реттеуді қажет ететіні анық.

Қорытынды

Сонымен, мемлекеттер интеграциялық бірлестіктерді құру кезінде халықаралық ұйымдарды құру кезіндегідей оларға қандай да бір түрде егеменді өкілеттіктерді де, егемендікті де бермейді деп айтуға болады. Мемлекеттер тек интеграциялық бірлестіктерге белгілі бір құзырет береді, ал интеграция дәрежесі неғұрлым жоғары болса, оларға неғұрлым кең өкілеттіктер беріледі. Алайда, бұл мемлекеттердің өздері үшін түйінді мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығынан айырылуына әкеп соқпайды, мұндай мәселелерді реттеу басқа жолмен, яғни интеграциялық бірлестіктің органдары (тетіктері) арқылы жүргізіледі. Сондықтан «ұлттықтан жоғары» («мемлекеттіліктен жоғары») терминінен бас тартып, мемлекеттердің мемлекетаралық интеграциялық өзара іс-қимылы туралы сөз қозғаған жөн.

Зерттеу халықаралық қатынастар жүйесінде халықаралық және ұлттық құқықпен қатар құқықтық жүйелердің жаңа түрі – интеграциялық құрылымдар құқығының жүйесі пайда болды деп айтуға мүмкіндік береді. Біртектігіне қарамастан, олар белгілі бір ортақ, бірыңғай құрылымды құрмайды, әрқайсысы тәуелсіз, салыстырмалы түрде оқшауланған құқықтық кешендер болады. Олардың оқшаулығын айта отырып, біз бұл жүйелердің әрқайсысы халықаралық құқық пен қатысушы мемлекеттердің құқықтық жүйелерімен генетикалық және интегративті байланысы бар екенін ескеруіміз керек. Әрбір интеграциялық бірлестік аясында өзіндік ерекше құқық жүйесі қалыптасады. Интеграциялық бірлестік аясында құқықтық жүйені қалыптастыру туралы осы ұстаным мұқият және кешенді зерттеуді талап ететін ғылыми ізденістердің жеке бағытын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Капустин А.Я. Понятие, предмет, источники и субъекты права международных организаций. Лекции по актуальным проблемам международного и европейского права. - СПб.: Россия-Нева, 2004. - 546 с.
- 2 Герчикова И.Н. Международные экономические организации. - М.: Издательство «Консалтбанкир», 2002. - 27 с.
- 3 Ушаков Н.А. Государство в системе международно-правового регулирования. - М.: Изд-во ИГиП РАН, 1997. - 62 с.
- 4 Кириленко В.П., Алексеев Г.В. Правовые формы международной интеграции. Международная интеграция и интеграционное право: учебник под общ. - СПб.: ИПЦ СЗИУ — фил. РАНХиГС, 2017. - 191 с.
- 5 Сарсембаев М.А. Источники интеграционного права. Международная интеграция и интеграционное право: учебник под общ. ред. - СПб., 2017. - 225-226 с.
- 6 Amerasinghe C.F. The Law of International Organizations // International Organizations Law Review. - 2004. - Т. 1. - № 1.- P. 19.
- 7 Решение по делу Costa v. ENEL. Цит. по: Суд Европейских Сообществ. Избранные решения /Под ред. проф. Л. М. Энтина. - М., 2001. - 6 с.
- 8 Verhofstadt G. Les Etats-l.Jnis d'Europe. - Bruxelles: Editions Luc Pire, 2006. - 95 p.
- 9 Нешатаева Т.Н. Интеграция и наднационализм // Вестник Пермского университета. Юридические науки. - 2014. - Вып. 24. - № 2. - С. 244.
- 10 Мещерякова О.М. Наднациональность в Европейском союзе и суверенитет государств-членов. [Электронды ресурс] - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/nadnatsionalnost-v-evropeyskom-soyuze-i-suverenitet-gosudarstv-chlenov> (қаралған күні: 21.01.2021).
- 11 Каширкина А.А., Морозов А.Н. Россия, Евразийский экономический союз и Всемирная торговая организация: Монография. - М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ: ИНФРА-М, 2015. - 63 с.
- 12 Шумилов В.М. Международное экономическое право в эпоху глобализации. - М.: ВАВТ, 2003. - 55 с.
- 13 Волова Л.И. Возрастание роли региональной экономической интеграции в современных условиях // Евразийский юридический журнал. - 2014. - Т. 73. - № 6. - С. 41-42.
- 14 International Law Association, London Conference. Committee on regional Economy Development Law. - 2000. - P. 3-4.
- 15 Исакова Ж.Т. Теоретические проблемы определения сущности и правовой природы интеграционного права // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. - 2016. - Т. 43. - № 2. - С. 123-130.
- 16 Венская конвенция ООН об охране озонового слоя 1985 года. [Электронды ресурс] - URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/ozone.shtml (қаралған күні: 21.01.2021)
- 17 Конвенция ООН о биологическом разнообразии 1992 года. [Электронды ресурс] - URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml/ (қаралған күні: 21.01.2021)
- 18 Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности 2000 года. [Электронды ресурс] - URL: [http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime./](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime/) (қаралған күні: 21.01.2021)

Ж.Т. Исакова, Ж. Зукай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Теоретические подходы к анализу статуса интеграционных объединений

Аннотация. По целому ряду вопросов, определяющих правовой статус интеграционных объединений, существуют разные подходы. Полагаем, что сложность установления общих закономерностей

функционирования интеграционных объединений обусловлена рядом факторов – степенью интегрированности государств, целями создания, направлениями деятельности и т.д. Но стоит отметить, что указанные концепции близки в позиции, определяющей интеграционные объединения как особый вид международных организаций со специфическими признаками и чертами, характеризующими их правовой статус.

Между тем следует обратить внимание и на тот факт, что нет конкретных указаний на правовой статус интеграционных объединений и в международных правовых актах. Но поскольку первоначально интеграционные объединения отождествлялись с международными организациями, в ряде международно-правовых актов они интерпретируются лишь как своеобразная разновидность международных организаций.

В статье проанализированы научно-теоретические подходы к анализу статуса интеграционных объединений.

Ключевые слова: международное право, суверенитет, интеграция, наднациональность, интеграционные объединения, интеграционное право.

Zh. Iskakova, Zh. Zukay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Theoretical approaches to the analysis of the status of integration associations

Abstract. There are different approaches on several issues that determine legal status of integration associations. We believe that the complexity of establishing general patterns of functioning of integration associations is due to several factors - the degree of integration of states, the goals of creation, areas of activity, etc. However, it is necessary to note these concepts are similar in their position, defining integration associations as a special kind of international organizations with specific features and peculiarities that characterize their legal status.

Meanwhile, it is necessary to note the fact that there are no specific indications of the legal status of integration associations in international legal acts. However, since initially the integration associations were identified with international organizations, in several international legal acts they are interpreted only as a kind of international organization.

The article analyzes scientific and theoretical approaches to the analysis of the status of integration associations.

Keywords: international law, sovereignty, integration, supranationality, integration associations, integration law.

References

- 1 Kapustin A.Ja. Ponjatje, predmet, istochniki i sub'ekty prava mezhdunarodnyh organizacij, Lekcii po aktual'nyh problemam mezhdunarodnogo i evropejskogo prava [The concept, subject matter, sources and subjects of the law of international organizations, Lectures on topical issues of International and European law] (SPb: Russia-Neva, 2004, 546 p.). [in Russian]
- 2 Gerchikova I.N. Mezhdunarodnye jekonomicheskie organizacii [International economic organizations] (Moscow: Izdatel'stvo «Konsaltbankir», 2002, 27 p.). [in Russian]
- 3 Ushakov N.A. Gosudarstvo v sisteme mezhdunarodno-pravovogo regulirovaniya [The State in the system of international legal regulation] (Moscow: IGiP RAN, 1997, 62 p.). [in Russian]
- 4 Kirilenko V.P., Alekseev G.V. Pravovye formy mezhdunarodnoj integracii, Mezhdunarodnaja integracija i integracionnoe pravo [Legal forms of international integration, International integration and integration law] (SPb.: IPC SZIU — fil. RANHiGS, 2017, 191 p.). [in Russian]
- 5 Sarsembaev M.A. Istochniki integracionnogo prava, Mezhdunarodnaja integracija i integracionnoe pravo [Sources of integration law, International integration and integration law] (SPb., 2017, 225-226 p.). [in Russian]

- 6 Amerasinghe C.F. The Law of International Organizations, *International Organizations Law Review*, 1(1), 19 (2004).
- 7 Reshenie po delu Costa v. ENEL. Sud Evropejskih Soobshhestv. Izbrannye reshenija /Pod red. prof. L. M. Jentina [The decision in Costa v. ENEL, Court of Justice of the European Communities. Selected solutions] (Moscow, 2001, 6 p.). [in Russian]
- 8 Verhofstadt G. Les Etats-L.Jnis d'Europe (Bruxelles: Editions Luc Pire, 2006, 95 p.). [in French]
- 9 Neshataeva T.N. Integracija i nadnacionalizm, *Vestnik Permskogo universiteta. Juridicheskie nauki* [Integration and supranationality, *Bulletin of the Perm University. Legal sciences*], 2, 244 (2014). [in Russian]
- 10 Meshherjakova O.M. Nadnacional'nost' v Evropejskom sojuze i suverenitet gosudarstv-chlenov. [Electron. resource] - Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/nadnatsionalnost-v-evropejskom-soyuze-i-suverenitet-gosudarstv-chlenov> (Accessed: 21.01.2021)
- 11 Kashirkina A.A., Morozov A.N. Rossiya, Evrazijskij jekonomicheskij sojuza i Vsemirnaja trgovaja organizacija [Russia, the Eurasian Economic Union and the World Trade Organization] (Moscow: INFRA-M, 2015, 63 p.). [in Russian]
- 12 Shumilov V.M. Mezhdunarodnoe jekonomicheskoe pravo v jepohu globalizacii [International economic law in the era of globalization] (Moscow: BABT, 2003, 55 p.). [in Russian]
- 13 Volova L.I. Voзрастanie roli regional'noj jekonomicheskoy integracii v sovremennyh uslovijah, *Evrazijskij juridicheskij zhurnal* [The increasing role of regional economic integration in modern conditions, *Eurasian Legal Journal*], 6, 41-42 (2014). [in Russian]
- 14 International Law Association, London Conference. Committee on regional Economy Development Law, 3-4 (2000).
- 15 Iskakova Zh.T. Teoreticheskie problemy opredelenija sushhnosti i pravovoj prirody integracionnogo prava, *Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan* [Theoretical problems of determining the essence and legal nature of integration law, *Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan*], 2, 123-130 (2016).
- 16 Venskaja konvencija OON ob ohrane ozonovogo sloja 1985 goda [United Nations Vienna Convention for the Protection of the Ozone Layer, 1985]. [Electron. resource] - Available at: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/ozone.shtml (Accessed: 21.01.2021)
- 17 Konvencija OON o biologicheskom raznoobrazii 1992 goda [United Nations Convention on Biological Diversity, 1992]. [Electron. resource] - Available at: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml/ (Accessed: 21.01.2021)
- 18 Konvencija OON protiv transnacional'noj organizovannoj prestupnosti 2000 goda [United Nations Convention against Transnational Organized Crime, 2000]. [Electron. resource] - Available at: [http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime./](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime/) (Accessed: 21.01.2021)

Авторлар туралы мәлімет:

Искакова Ж.Т. – PhD докторы, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Зукай Ж. – Халықаралық құқық бойынша заң ғылымдарының магистрі, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Iskakova Zh. – Ph.D., Senior lecturer of International law Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Zukay Zh. – Master of Science in Law, Senior lecturer of International law department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.